

# АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

---

Орыдағандар: Әлиев Н.Ж

Джансейтова М.Б

## АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Авторлық құқық ғылым, әдебиет, өнер шығармаларын шығару және пайдалануға байланысты қатынасты реттейтін азаматтық құқық тарауы, ол ұлттық құқық пен авторлық құқықты қорғау жөніндегі халықаралық конвенциялармен реттеледі.



Авторлық құқықпен қорғалатын туындылар (авторлық құқық объектілері)

1. Авторлық құқық шығармашылық қызмет нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына олардың бағытына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ оларды білдіру әдісі мен нысанына қарамастан қолданылады.

2. Авторлық құқық халыққа таратылған (жарияланған, жарыққа шыққан, басып шығарылған, көпшілік алдында орындалған, көпшілікке көрсетілген), сондай-ақ халыққа таратылмаған туындыларға қандай да бір объективті нысанда:

1) жазбаша (қолжазба, машинаға басылған, нота жазбасы және т.б.);

2) ауызша (көпшілік алдында айту, көпшілік алдында орындау және т.б.);

3) дыбыс немесе бейне жазу (механикалық, цифрлық, магнитті, оптикалық және т.б.);

4) бейнелеу (сурет, эскиз, картина, жоспар, сызба, кино, теле, бейне немесе фото кадр және т.б.);


5) көлемдік-кеңістікті (мүсіндеме, модель, макет, құрылыс және т.б.);

6) өзге де нысандарда қолданылады.

**Автор** ол  
шығармашылық  
еңбегімен туынды  
жасаған жеке  
тұлға болса, **авторлық  
құқық** – автордың  
мүліктік және мүліктік  
емес жеке құқықтары  
болып  
табылады.







Авторлық құқықты қорғау белгісі:

Айрықша авторлық құқық иесі өз құқықтары туралы мәлімдеу үшін туындының әрбір данасына салынған және үш элементтен:

- 1) қоршауға алынған латынша "С" әрпінен;
- 2) айрықша авторлық құқықтар иесінің есімінен (атауынан);
- 3) туындының бірінші жарияланған жылынан тұратын авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануы мүмкін.

Егер өзге дәлел болмаса, қорғау белгісінде көрсетілген адам айрықша авторлық құқықтың иесі болып саналады.



## Авторлық құқық объектілері болмайтын туындылар

- ✓ ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң әкімшілік, сот сипатындағы және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары;
- ✓ мемлекеттік нышандар мен белгілер (жалаулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге де мемлекеттік нышандар мен белгілер);
- ✓ халық шығармашылығы туындылары;  
оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттық сипаттағы хабарлар.

- Авторлық құқықтың субъектісі болып заң немесе келісім шарт бойынша авторлық құқыққа ие, ғылыми, әдеби және өнер туындыларының шығарушылары, олардың құқық иеленушілері немесе жұмыс берушілер мен басқа да тұлғалар табылады.
- Авторлық құқық субъектісі ретінде жеке тұлғалар секілді заңды тұлғалар да бола алады. Соңғысына әдетте газет, журналдар баспасы және басқа да кейбір құрамды шығармалар, аудиовизуалды шығарманы дайындаушылар және қызметтік шығарманың авторына жұмыс берушілер жатады.



## Тең авторлар

- ❑ Екі немесе одан да көп адамның (тең авторлардың) бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалған туындының авторлық құқығы, мұндай туындының бөлінбес біртұтас болуына немесе әрқайсысы өз алдына жеке мәнге ие бөлімдерден тұратындығына қарамастан, тең авторларға тиесілі болады.

Егер туындының бір бөлігін осы туындының басқа бөліктеріне қарамастан пайдалану мүмкін болса, бұл бөлігі дербес мәні бар туынды деп танылады.

Егер тең авторлар арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, олардың әрқайсысы туындының дербес мәні бар өзі жасаған бөлігін өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.

- ❑ Тұтас алғанда туындыны пайдалану құқығы тең авторларға ортақ. Тең авторлардың өзара қатынастары олардың арасында жасалған келісім арқылы белгіленуі мүмкін. Егер тең авторлардың туындысы бөлінбейтін біртұтас дүние болса, тең авторлардың бір де бірінің туындыны пайдалануға жеткілікті негіздері болмайынша тыйым салуға құқығы жоқ.
- ❑ Тең авторлардың әрқайсысы өз атынан, соның ішінде, басқа тең авторлардың рұқсатын алмастан, егер олардың арасында келісіммен өзгеше көзделмесе, өз құқықтарын қорғауға байланысты осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген шараларды қолдануға құқылы.

❖ Туынды авторының мынадай жеке мүліктік емес құқықтары болады:

1) туынды авторы ретінде танылу және оны пайдалану кезінде осы туындыға басқа адамдардың авторлығын тануды болғызбайтын нақ осындай тануды талап ету құқығы (авторлық құқық);

2) туындыны өз атынан, бүркеншік атпен немесе жасырын атпен пайдалану құқығы (авторлық атқа құқық);

3) өз туындысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және оның атауын қоса алғанда, туынды жарық көргенде, көпшілік алдында орындалғанда немесе өзге түрде пайдаланылғанда автордың келісімінсіз кімнің болса да өзгерістер мен толықтырулар енгізуінен туындыны қорғау құқығы (туындыға қол сұқпаушылық құқығы).

Автордың келісімінсіз оның туындысын шығарғанда безендірулер, алғысөздер, соңғысөздер, түсініктемелер немесе қандай да болсын түсіндірмелер беруге тыйым салынады.

Автор қайтыс болғаннан кейін оның туындысын қол сұғушылықтан қорғауды өсиетте көрсетілген адам, ал мұндай нұсқау болмаған жағдайда - автордың мұрагерлері, сондай-ақ заң актілеріне сәйкес авторлық құқықтарды қорғау жүктелген тұлғалар жүзеге асырады.

4) қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған, туындыларды қоспағанда, туындыға белгісіз адамдар тобының қол жеткізуіне жол ашу құқығы (халыққа жария ету құқығы).

2. Автор туындыны халыққа тарату туралы бұрын қабылдаған шешімінен бас тартуға құқылы (кері қайтарып алу құқығы), бұл жағдайда жоғалтылған пайдасын қоса алғанда, пайдаланушыға осындай шешім арқылы келтірілген залал өтелуі керек. Егер туынды халыққа жария болып кетсе, автор оны кері қайтарып алатыны туралы көпшілікке хабарлауға міндетті. Бұл орайда ол туындының бұрын әзірленген даналарын өз есебінен айналыстан алып тастауға құқылы.

3. Автордың біреумен келісімі немесе автордың жеке мүліктік емес құқықтарын жүзеге асырудан бас тартуы туралы арызы жарамсыз болады.



- Авторлық құқық автордың бүкіл ғұмыры бойы және қайтыс болғаннан кейін 70 жыл бойы күшін сақтайды.
- Авторлық құқығын, оның есімінің құқығын және автордың беделін қорғау құқығын қорғауға шек қойылмайды.
- Тең авторлар жасаған туындыға авторлық құқық өмір бойы және басқа тең авторлардан ұзақ өмір сүрген ең соңғы автор қайтыс болғаннан кейін 70 жыл бойы күшін сақтайды.
- Автор қайтыс болғаннан кейін 30 жыл ішінде бірінші рет жарыққа шығарылған туындыға авторлық құқық туынды жарыққа шыққаннан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан есептегенде ол жарыққа шыққаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

## • **АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ АУЫСУЫ**

Авторлық құқық шарт бойынша және мұра ретінде беріледі.

Авторлық құқық мұрагерлік тәртібімен заң бойынша немесе өсиет бойынша ауысады.

Өсиет орындаушыны тағайындайтын тәртіп бойынша автор өзінің мүліктік емес жеке құқықтарын қорғауды жүктейтін адамды көрсетуге құқылы. Мұндай адам өз өкілеттігін өмір бойы атқарады. Автордың мұндай нұсқауы болмаған жағдайда автор қайтыс болғаннан кейін оның мүліктік емес жеке құқықтарын қорғауды оның мұрагерлері, егер мұрагерлері болмаса немесе олардың авторлық құқығы тоқтатылған болса, Қазақстан Республикасының мұндай қорғауды жүзеге асыратын уәкілдік берілген органы атқарады



Авторлық құқықтың қолданылу аясы:

- ❖ Қазақстан Республикасының аумағында жарияланған не жарияланбаған, бірақ авторлардың немесе олардың құқықтық мұрагерлерінің азаматтығына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында қандай да болсын объективті нысанда болатын туындыларға қолданылады;
- ❖ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және Қазақстан Республикасының азаматтары - авторлары және олардың құқықтық мұрагерлері деп танылады
- ❖ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және авторлардың (олардың құқықтық мұрагерлерінің) - шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес авторлық құқығы бар деп танылады.
- ❖ Егер туынды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде алғаш жарияланған күннен кейінгі отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жарияланса, ол Қазақстан Республикасында жарияланды деп саналады.
- ❖ Қазақстан Республикасы аумағында туынды халықаралық шарттарға сәйкес қорғалатын болған жағдайда туындының авторы авторлық құқықты алуға негіз болған іс-әрекет немесе мән-жай орын алған мемлекеттің заңы бойынша анықталады.
- ❖ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес, егер ол Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарттың ережелері бойынша айқындалатын туындының шыққан елінде авторлық құқықтың осы елде белгіленген қолданылу мерзімінің бітуінің салдарынан қоғам игілігіне айналмаса және авторлық құқықтың қолданылу мерзімінің бітуінің салдарынан Қазақстан Республикасында қоғамның игілігіне айналмаса, туындыға қорғау беріледі.

# КЕЙС

Азаматтар Момынов пен Қанатов бірлесіп Таңшолпан бағдарламасында орындалатын Таңғы елес әнінің сөзін жазған болатын. Момынов Қанатов менің келісімімсіз Таңғы елес әнін Таңшолпан бағдарламасына орындалуға берілді деп бағдарламада орындалуға қарсы екенін білдіріп Таңшолпан бағдарламасына барады. Бірақ, Таңшолпан бағдарламасы Қанағатовқа ол өлең үшін сыйақы берілгенін айтады. Момынов әнің ортақ авторлары болғандықтан Қанағатовтан сыйақыны бөлісу үшін Сотқа арызданады.

## Сұрақ:

1. Момыновтың әс-әрекетә орынды ма?
2. Сот Момыновтың өтінішін қалай қанағаттандырады?



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!

